

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі



Агентство Республики Казахстан
по регулированию и развитию
финансового рынка

Талдамалық жазба

**Ұлттық қордың Қазақстан экономикасындағы
дағдарысқа қарсы рөлі: эмпирикалық баға**

Қыркүйек, 2021 жыл

Тимур Әбілқасымов

Шыңғыс Шунеев

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) зерттеулері мен талдамалық жазбалары Агенттік зерттеулерінің нәтижелерін таратуға арналған. Экономикалық зерттеулер талқылау туындатып, кері байланыс орнату үшін таратылады. Құжаттағы пікірлер авторлардың жеке ұстанымын білдіреді және олар Агенттіктің ресми ұстанымымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Зерттеушілер мен практиктер осы материалда сипатталған кез келген ақпаратты пайдалану кезінде өз білімдері мен тәжірибесіне сүйенуі қажет.

Осы тақырыптық жарияланымдар сериясы стресс-тестілеу тәсілдері мен сценарийлер таңдау әдістерін әзірлеуге арналған.

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, "Көктем-3" шағынауданы, 21-үй.

Баспасөз қызметінің телефоны: +7 727 237 1090

Email: press@finreg.kz

© Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
Берілген материалдарды авторлардың рұқсатымен ғана қайта басып шығаруға болады

Авторлар

Тимур Әбілқасымов¹

Шыңғыс Шунеев²

Аннотация

Қаржы секторын реттеуге жауапты органдар 2007-2009 жылдардағы жаһандық қаржы дағдарысынан кейін жеке институттар ретінде банктердің перспективасы тұрғысынан ықтимал жағымсыз экономикалық ортаны бағалау үшін стресс-тестілеуге ерекше көңіл бөле бастады. Жүргізіліп отырған стресс-тестілеу жекелеген банктердің түрлі күрделі сценарийлердегі қаржылық көрсеткіштерінің қандай болатынын көрсетеді.

Сценарийлерді таңдау, оның ішінде дағдарыс тереңдігі мен оның ұзақтығы стресс-тестілеуді сәтті өткізудің маңызды құрауыштарының бірі болып табылады. Қаржы мекемелері бірмезгілде қаржылық қиындықтарға тап болатын, таңдалған жүйелік дағдарыс қаржылық делдалдық көрсете алу қабілетін төмендетуге әсер етеді.

Неғұрлым сәйкес келетін стресс-тестілеуді анықтау үшін Агенттікте әлемнің ең үздік практикалары талданып, Қазақстандағы алдыңғы дағдарыстарды белгілі бір қателіктерді ескере отырып зерделеу үшін зерттеулер жүргізіледі. Бұл жұмыста Ұлттық қор (бұдан әрі – Қор) құрылған сәттен бастап болған дағдарыстарды бағалау нәтижелері және олардың Қазақстан экономикасының өсуіне салааралық теңгерім (бұдан әрі – САТ) арқылы әсері сипатталатын болады.

Негізгі сөздер: САТ, шығын-шығарылым, стресс-тестілеу, дағдарыс кезеңдері, ЖІӨ, трансферттер, Ұлттық қор.

JEL-жіктеу: C67, D57, E62, G01, G18

¹ Тимур Әбілқасымов – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының кеңесшісі. Email: Timur.Abilkassymov@finreg.kz

² Шыңғыс Шунеев – Стратегия және талдау департаменті стратегия және макроэкономикалық талдау басқармасының бастығы. Email: Shyngys.Shuneyev@finreg.kz

Мазмұны

1. Кіріспе.....	5
2. ҚР Ұлттық қорының бюджеттік қағидасы	6
3. Дағдарыс кезеңдері және дағдарысқа қарсы шаралар	7
3.1 Жаһандық қаржы дағдарысы	8
3.2 Мұнай дағдарысы және ақша-кредит саясаты режимінің өзгеруі ..	9
3.3 COVID-19 пандемиясынан туындаған дағдарыс	11
4. Ұлттық қордың нысаналы және кепілдендірілген трансферттері ...	12
5. Есептеу әдіснамасы	13
6. Трансферттердің ЖІӨ өсуіне үлесін бағалау.....	16
7. Келешектегі зерттеулерге арналған қорытындылар мен ұсынымдар	19
8. Әдебиеттер тізімі	21
1-қосымша	22
2-қосымша	24

1. Кіріспе

Тарихи тұрғыдан алғанда елдер мынадай сатылардан тұратын экономикалық циклдардан өтеді: өсу, шек, қысқару және құрдым (Dagum, 2010). Экономикалық белсенділіктің сатысына қарай секторлар мен сараларға көрсетілген әсер әр түрлі болады. Мәселен, қаржы секторында әрбір саты қаржы институттарының делдалдық қызметтер көрсету қабілетінің өзгеруіне әкеп соғады. Ең көп жағымсыз әсер экономикалық құлдырау немесе рецессия сатысында, ол кезде кредиттеу баяулап, қайтарымсыз қарыздардың өсуі ұлғаюы мүмкін (Baldini and Causi, 2020).

Экономикалық өсу сатысынан кейінгі 2007-2009 жылдардағы жаһандық қаржы дағдарысы қаржы секторының нақты экономика үшін рөлінің маңызды екенін көрсетті. Әлемнің жетекші экономикаларының айтарлықтай құлдырауы немесе баяулауы жүйелік тәуекелдерді бақылау қажеттігін көрсетті. Жүйелік тәуекелдерді бағалау және бақылау шараларын әзірлеу үшін жетекші реттеуші органдар стресс-тестілеу жүргізеді.

Реттеуші стресс-тестілеу әлемнің көптеген елдеріндегі банк жүйесінің орнықтылығын қамтамасыз етудің маңызды құралы. Жүйелік тәуекел деңгейінің төмен болуын қамтамасыз ету қадағалап стресс-тестілеудің маңызды мақсаты болып табылады (Burrows et al, 2012). Бұл қаржы жүйесінің жақсы капиталданып, жағымсыз сценарийлер жүзеге асырылған жағдайда орнықты болу керектігін білдіреді.

Сценарийлерді таңдау стресс-тестілеудің мақсатына қол жеткізудің маңызды элементі болып табылады (Pritsker, 2017). Барлық экономика үшін қолданылатын сценарийлерді таңдауда белгілі бір «дұрыс» тәсілдің болмауына байланысты реттеушілер стрестік сценарийлердің тереңдігі мен ұзақтығын талданып отырған экономика мен қаржы секторының ерекшелігін ескере отырып айқындаулары қажет. Сценарий таңдау стресске ұшырап, үйлесе алатын сәйкес айнымалылар жиынтығын анықтаудан тұрады. Стрестің қатаңдығы әдетте реттеуші органдардың тәуекел-талабына байланысты және ол экономиканың ерекшелігі мен экономикалық белсенділік сатысына қарай түрлі болуы мүмкін.

Қадағалаушы қаржы ұйымдарының тәжірибесі және алдыңғы дағдарыстар қадағалаушы стресс-тестілеуді жүйелі жүргізу қажеттігін растады. Жүйелік тәуекелдерді бақылауды және банк секторының тұрақтылығын арттыру, сондай-ақ сенімді арттыру үшін Агенттік коронавирус пандемиясының таралуына байланысты 2020 жылы банк секторына алғашқы стресс-тестілеу өткізді. Осы стресс-тестілеудің нәтижелері мен алынған қорытындылар осы жаттығуды жыл сайынғы негізде өткізудің орындылығын көрсетті.

Көптеген банктердің «Қаржы құралдары» халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ҚЕХС9) сәйкес күтілетін кредиттік залалға резервтер қалыптастыру кезінде макроэкономикалық параметр ретінде нақты ішкі жалпы өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) өсу көрсеткішін пайдаланатындықтан, авторлар Жаһандық қаржылық дағдарыс басталған сәттен бастап ЖІӨ-нің гипотетикалық төмендеуін зерттеу туралы шешім қабылдады (Barnoussi et al, 2020).

Дағдарыс кезеңінде орын алуы мүмкін ЖІӨ-нің барынша гипотетикалық төмендеуін бағалау үшін авторлар салааралық теңгерім үлгісін қолдана отырып, Ұлттық қордан берілетін трансферттердің ел экономикасына әсер етуіне талдау жүргізді.

2. ҚР Ұлттық қорының бюджеттік қағидасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған бірінші тұжырымдамасы³ (бұдан әрі – Тұжырымдама) 2005 жылы қабылданды және 2010 және 2016 жылдары қайта қаралды. Ұлттық қордың негізгі мақсаты болашақ ұрпақ үшін жинақтарды қалыптастыру және республикалық бюджеттің әлемдік шикізат нарықтарындағы ахуалға тәуелділігін төмендету арқылы қаржы ресурстарын үнемдеу болып айқындалды. Тұжырымдамада жинақтау мақсатына қол жеткізу үшін ЖІӨ-нің 30%-ы мөлшеріндегі қаражаттың төмендетілмейтін қалдығы бекітілді.


³ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000385>

Мемлекеттік бюджет дефицитінің және трансферттер көлемінің ұлғаюын ескере отырып, Ұлттық қордың мөлшері төмендетілмейтін қалдық деңгейіне жақындауы мүмкін. Тұжырымдаманың осы талабы Ұлттық қордан берілетін трансферттерсіз стрестік сценарийлерді талдауды өзекті етеді.

3. Дағдарыс кезеңдері және дағдарысқа қарсы шаралар

Жоғары белгісіздік кезеңдерін немесе құлдырау кезеңдерін зерделеу болашақта стресстік сценарийлерді үлгілеу, макроэкономикалық параметрлердің байланысын және банк секторының көрсеткіштерін талдау үшін маңызды болып табылады. Экономиканың гипотетикалық ең жоғары құлдырауы ретінде 2008-2009, 2015-2016 және 2020 жылдар кезеңдері іріктелді. Авторлардың бағалауынша, аталған кезеңдер еліміздің нақты және банк секторына барынша теріс әсер еткен.

ЖІӨ серпіні



Дереккөзі: ҚР СЖЖРА ҰСБ; авторлардың есептері, (НР-сүзгі, $\lambda=6.25$, Ravn M.O., Uhlig H. 2002 бойынша)

3.1 Жаһандық қаржы дағдарысы

2007-2009 жылдардағы жаһандық қаржы дағдарысының ұзақ құлдырау немесе экономиканың баяулауы кезеңі болды, сонымен қатар оны «Ұлы рецессия» деп атау барынша жеткілікті болды. Сонымен қатар, одан кейін баяу қалпына келтіру кезеңі болды. Дағдарыс кредиттеудің төмен стандарттары, жылжымайтын мүлік бағасының жоғары болуы, сондай-ақ әлемдік қаржы жүйесінің өзара байланыстылығы сияқты факторлардың үйлесімінен туындады (Bucks and Bricker, 2013).

Жаһандық қаржы дағдарысының 2007 жыл ретінде жалпы қабылданған басталуына қарамастан, авторлар Қазақстанға теріс әсер етуді зерделеу кезінде бастапқы дағдарыс жылы ретінде 2008 жылды талдайды. Бұл 2007 жылы ел үкіметінің Ұлттық қордан қосымша қаражат бөлінбеуімен, сондай-ақ нақты ЖІӨ өсімінің 8,9%-ды құруымен негізделді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің (бұдан әрі – ҚР Қаржымині) ақпараты бойынша, кепілдендірілген трансферт 2007 жылы 258 млрд теңгені құрады, бұл 2008 жылы бөлінген қаражат көлемінен 4,2 есе төмен, атап айтқанда 1 072,4 млрд теңге. Трансферттердің аздап өсуі 2009 жылы орын алып, 1 104,6 млрд теңгеге жетті. 2008 және 2009 жылдары ЖІӨ-нің нақты өсімі тиісінше 3,3% және 1,2%-ды құрады. 2008-2009 жылдарда экономиканың өсуі 2003-2007 жылдар аралығындағы бес жылдық кезеңде ЖІӨ-нің орташа өсімінен едәуір төмен болғанын (-6,6 п.т.) ескере отырып, авторлар оны рецессияның әлеуетті кезеңі ретінде анықтады.

Дағдарысқа қарсы шаралар

Макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында 2007-2009 жылдары дағдарысқа қарсы бірқатар шаралар қабылданды. Мәселен, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша бірінші кезектегі іс-қимылдарды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бюджеттен 550 млрд теңге бөлінді. Одан кейін Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға жаһандық дағдарыстың келеңсіз салдарын жұмсарту үшін Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Қаржылық қадағалау агенттігінің

бірлескен іс-қимыл жоспары қабылданды⁴. Жоспарды іске асыру үшін Ұлттық қордан мынадай бағыттар бойынша \$10 млрд немесе 1200 млрд теңге бөлінді:

- 1) қаржы секторын тұрақтандыру - 4 млрд \$;
- 2) тұрғын үй секторын дамыту - 3 млрд \$;
- 3) шағын және орта бизнеске қолдау көрсету - 1 млрд \$;
- 4) агроөнеркәсіп кешенін дамыту - 1 млрд \$;
- 5) инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру - 1 млрд. \$.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылығын қолдауға бағытталған қосымша шаралар кешені ретінде 2009 жылы Үкімет Мемлекет Басшысының Жолдауын іске асыру бойынша Жол картасын қабылдады. Жол картасын іске асыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттерден бірлесіп қаржыландыру тетігі арқылы шамамен 200 млрд теңге бөлінді.

ҚР Қаржы министрлігінің деректеріне сәйкес, Ұлттық қордан дағдарысқа қарсы шараларды және бюджеттің басқа да шығыстарын қаржыландыруға республикалық бюджетке кепілдендірілген және нысаналы трансферттер түрінде 2008 жылы – 1 072,4 млрд теңге немесе ЖІӨ-нің 6,7%-ы (кепілдендірілген – 464,9 млрд теңге, нысаналы – 607,5 млрд тг.) және 2009ж. – 1 104,6 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 6,5%-ы (кепілдендірілген – 843,1 млрд тг., нысаналы-261,5 млрд тг.) бөлінді.

3.2 Мұнай дағдарысы және ақша-кредит саясаты режимінің өзгеруі

Энергия көздеріне бағаның күрт төмендеуінен кейін, Қазақстанның ірі сауда серіктестерінің бірі – Ресейдің ақша-кредит саясаты режимінің ауысуымен бірге, тіркелген айырбас бағамы режимі ел экономикасында теңгерімсіздік тудырды, сондай-ақ айырбастау бағамын ұстап тұру үшін ҚР Ұлттық Банкі резервтерінің едәуір шығыстарын талап етті. Мәселен, АҚШ-тың Энергетикалық ақпарат басқармасының (Energy Information Administration) деректеріне сәйкес, 2014 жылғы маусым-желтоқсан

⁴ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 қаулысы
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P080001085>

аралығында Brent маркалы эталондық мұнайдың орташа айлық құны бір баррель үшін \$111,8-ден \$62,34-ке дейін қысқарды. Дәл осы кезеңде, атап айтқанда 2014 жылдың қараша айында Ресейдің Орталық Банкі өзгермелі айырбастау бағамына көшті, осылайша Ресей рублінің⁵ құнсыздануына жол берді. Ресей Банкінің бұл Қазақстанда жасалғанға дейін еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуіне байланысты теңгенің рубльге қатысты бағамы айтарлықтай нығая бастады. Осылайша, 2014 жылғы қазаннан бастап 2015 жылғы тамызға дейін қазақстандық валюта бағамы бір рубль үшін 4,45 теңгеден 2015 жылғы қаңтарда 2,85 ең төмен орташа айлық паритетпен 3,1-ге дейін нығайды.

Еркін өзгермелі айырбас бағамымен инфляциялық таргеттеу режиміне көшкеннен кейін 2015 жылғы тамызда қазақстандық теңге күрт құнсыздана бастады. Теңге АҚШ долларына қатысты шілде айында валюта бірлігі үшін 186,8 теңгеден 2015 жылғы желтоқсанда 322,84 теңгеге дейін құнсызданды. Айырбастау бағамының күрт өсуі тұтыну бағалары индексінің жеделдеуімен қатар жүрді. Қазақстанда инфляция 2015 жылғы тамыздағы 3,8%-дан 2016 жылғы шілдедегі 17,7%-ға дейін жеделдеді. Макроэкономикалық өлшемдердің осындай күрт өзгеруі нақты сектордағы компаниялар үшін де, тұтастай алғанда қаржы жүйесі үшін де теріс әсер етеді. Жоғарыда көрсетілген дағдарыстарға қарамастан, 2015-2016 жылдары ЖІӨ өсімі оң болды және тиісінше 1,2% және 1,1%-ды құрады. Алдыңғы бес жылдық кезеңдегі (2010-2014 жж.) орташа өсім 5,9% құрады.

Дағдарысқа қарсы шаралар

Экономиканы кредиттік ресурстармен қамтамасыз ету үшін дағдарыстардың іске асырылуына байланысты 2014 жылы Ұлттық қордан 2014 және 2015 жылдарға 1 трлн теңге бөлу туралы шешім қабылданды³.

Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту және көлеңкелі айналымды қысқарту мақсатында ұлттық валютаның шетел валютасынан басымдығынан

⁵ Ресей Банкінің бағамдық саясатының тарихы. https://www.cbr.ru/dkp/exchange_rate/history/

³ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000385>

басқа, 2015 жылғы ақпанда Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп Қазақстан экономикасының долларлану деңгейін төмендету жөніндегі 2015-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірледі. Содан кейін 2015 жылғы желтоқсанда Үкімет пен Ұлттық Банктің экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі 2016-2018 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары қабылданды.

ҚР Қаржы министрлігінің деректері бойынша, ҚР Ұлттық қорынан 2015-2016 жылдары дағдарысқа қарсы шараларды қаржыландыруға республикалық бюджетке кепілдендірілген және нысаналы трансферттер түрінде 5 312 млрд теңге бөлінді:

- 2015 ж. – 2 456,4 млрд теңге (кепілдендірілген – 1 702 млрд тг., нысаналы – 754,4 млрд тг.)
- 2016 ж. – 2 855,6 млрд теңге (кепілдендірілген – 2 110 млрд тг., нысаналы – 745,6 млрд тг.).

3.3 COVID-19 пандемиясынан туындаған дағдарыс

2019 жылғы желтоқсанда Хубэй провинциясының Ухань қаласында (Орталық Қытай) белгісіз этиологиясы бар пневмонияның (COVID-19) таралуы басталды. Вирустың жаңа түрі бүкіл әлемде тез таралып, жаһандық өндірістік-сату тізбегін бұзды. 2020 жылғы наурыз айында вирус Қазақстанда анықталды. Ол табылғаннан кейін елде 2020 жылғы 16 наурызда төтенше жағдай жарияланды, содан кейін қозғалысқа шектеулер мен басқа да сақтық шаралары енгізілді. Енгізілген шаралар елдегі экономикалық белсенділіктің баяулауына, сондай-ақ нақты ЖІӨ-нің теріс өсуіне әкелді. 2020 жылы Ұлттық қордан барлығы 4,77 трлн теңге немесе ЖІӨ-ге 6,8% бөлінді, бұл 2008 жылдан бергі ең жоғары мән болып табылады. Жыл қорытындысы бойынша нақты ЖІӨ-нің төмендеуі 2,5%-ды құрады.

Дағдарысқа қарсы шаралар

Сыртқы дағдарыстардан болатын жағымсыз салдарларды барынша азайту, жұмыспен қамтуды сақтай отырып ішкі өндіріс пен кәсіпкерлікті қолдау мақсатында, Үкімет мемлекеттік бюджеттің

шығыстарын ұлғайтты. Үкімет экономиканы қолдау бойынша шұғыл, жедел шаралардың екі пакетін және 2020 жылдың соңына дейін экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар қабылдады. Микробизнес пен ШОБ үшін салықтар мен әлеуметтік төлемдер бойынша босату және кейінге қалдыру ұсынылды және ШОБ-ты жеңілдікпен кредиттеу құралдары кеңейтілді. Жұмыспен қамтуды сақтау бойынша жаңа «Жұмыспен қамтудың жол картасы» іске асырылуда.


ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысының⁶ қорытындысы бойынша салықтық ынталандырулар мен фискалдық шараларды қамтитын дағдарысқа қарсы шаралар пакетінің жалпы бюджеті 6,3 трлн теңгені құрады, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен – 3,5 трлн теңге, ҚРҰБ қаражаты есебінен – 2,3 трлн теңге және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры есебінен-0,48 трлн теңге. Республикалық бюджеттің қосымша шығыстарын қаржыландыру бюджет тапшылығын ұлғайту, шығыстарды оңтайландыру және кепілдендірілген трансферттің мөлшерін 2 070 млрд теңгеге ұлғайту есебінен жүзеге асырылды. Мәселен, ҚР Қаржыминінің деректеріне сәйкес, 2020 жылы ҚР Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт түрінде республикалық бюджетке 4,77 трлн теңге бөлінді.

4. Ұлттық қордың нысаналы және кепілдендірілген трансферттері

Жоғарыда аталған дағдарысқа қарсы шаралар аясында көрсетілген кезеңдерде 1 076,9 млрд-тан 4 770 млрд-қа дейін қаржы бөлінді. Салыстырмалы мәнде трансферттердің жиынтық сомасы елдің ЖІӨ-нің 6%-нан 6,8%-на дейін құрады.

⁶ Президент Қ. Тоқаевтың қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ҚР Премьер-Министрі А. Маминнің сөйлеген сөзі

Ұлттық қордан Республикалық бюджетке трансферттер



Дереккөзі: ҚР Қаржымині, ҚР СЖЖРА ҰСБ

Дағдарысқа қарсы шаралардың және оларды қаржыландыру көздерінің әр түрлі болуына қарамастан, авторлар Ұлттық қордан бөлінген қаражаттың тиімділігіне ғана баға береді. Осы талдаудың мақсаттары үшін нақты жылдағы нысаналы және кепілдендірілген трансферттер шеңберінде бөлінген қаражаттың жиынтық әсері қаралады.

5. Есептеу әдіснамасы

Дағдарыс кезеңдерінде республикалық бюджетке трансферттер түрінде бөлінген Ұлттық қор қаражатының экономикалық өсуге ықпалының тиімділігін бағалау үшін 2008-2019 жылдардағы салааралық теңгерім («Шығын-Шығарылым» кестелері) пайдаланылды.

Салааралық теңгерім салалық бөліністе өнімнің өндірісі, пайдаланылуы және қосылған құнның пайда болуы туралы ақпаратты қамтиды және салааралық өзара іс-қимылды талдау құралы болып табылады. Осылайша, САТ-де әрбір өнімнің жалпы шығарылымы жол

бойынша (өнімді пайдалану), сондай-ақ баған бойынша да (өнімді өндіру) тең болып келеді, бұл бір саладағы жағдайдың өзгеруінің басқа салаларға және тұтастай экономикаға әсерін талдауға мүмкіндік береді (тікелей және жанама әсерлер).

Қазіргі уақытта САТ немесе «Шығын–Шығарылым» кестелерін (бұдан әрі – ШШК) Қазақстанның экономикасы үшін 68 сала бөлінісінде жыл сайын Стратегиялық жоспарлау және даму агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (ҚР СЖЖДА ҰСБ) жасайды.

САТ үлгісінің негізін мыналардан тұратын:

- өнімнің бір бірлігін өндіруге арналған тікелей шығындардың коэффициенттері (A);
- толық шығындар коэффициенттері (тікелей және жанама шығындар) ($B = (E - A)^{-1}$) технологиялық матрицалар құрайды.

Осы коэффициенттердің негізінде тікелей және жанама мультипликаторлар есептеледі. Айта кету керек, уақыт өте келе экономика құрылымында өзгерістер орын алады, және Қазақстан Республикасының ШШК құрылымы да талданған кезеңде өзгерді, алайда, ШШК негізінде есептелген мультипликаторлар уақыт бойынша салыстырмалы тұрақтылықты көрсетеді (Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының «дағдарыстық» және «тұрақты» кезеңдері үшін есептелген экономиканың базалық салаларының шығарылым мультипликаторларының арасындағы айырмашылық тек 0,1-0,2 тармақты құрайды. Жалпы, әлемнің көптеген елдерінде ШШК жыл сайын дайындалмайды, мысалы, Ресей Федерациясында негізгі ШШК әр бес жылда бір рет әзірленеді).

$X = AX + Y$, $Y = (E - A)X$, $X = (E - A)^{-1}Y$ теңдеулер жүйесі САТ экономикалық-математикалық үлгісі деп аталады (X – жалпы шығарылым векторы, Y – соңғы сұраныс векторы, AX – аралық тұтыну, E – бірлік матрица).

Басқа сөзбен айтқанда, мемлекеттік шығыстардың ұлғаюынан (Ұлттық қордан бөлінетін трансферттер есебінен) болатын экономикалық өсуге макроэкономикалық әсерлерді талдамалық бағалаудың негізгі теориялық алғышарты экономикаға қосымша кірістердің ағынына себеп болатын түпкілікті өнімге сұраныстың өсуін туындатады, ол, өз кезегінде, жанама сипаттағы мультипликативтік экономикалық әсерді туындатып, салааралық байланыстар тізбегі бойынша таралады.

Мультипликативті әсерлерді есептеу кезінде нақты жағдайда туындаған қосымша сұраныстың қандай да бір бөлігі импорттық өнімдер қанағаттандыратынын ескеру қажет. Осыған сүйене отырып, трансферттер тек отандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді ғана емес, сондай-ақ импорттық тауарларды да тұтынуға бағытталады деген ұйғарым жасалды. Осыған байланысты аралық және соңғы тұтынудағы импорттық өнімнің үлесін сипаттайтын ШШК импорттық өнімді пайдалану кестесінің деректерін пайдалана отырып, салалар өніміне сұраныстың қосымша көлемін импорттың өсуіне және отандық өндірістің өсуіне бөлу жүргізілді. Одан әрі, отандық өндірістің өсуі мультипликативті әсер етулерді бағалау үшін одан кейінгі есептеулерде қолданылды.

Сонымен бірге, жұмыста негізгі сараптамалық ұйғарым ретінде нысаналы трансферттер әлеуметтік, көлік, сауда және инженерлік-конструкторлық инфрақұрылымдардың құрылысы мен дамуына (өнім түрлеріне бөлу негізгі капиталдың жалпы жинақталу құрылымы бойынша жүргізілді), ал кепілдендірілген трансферттер ағымдағы бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға (өнім түрлеріне бөлу өнімді түпкілікті тұтыну құрылымы бойынша жүргізілді) бағытталды деп болжанған.

Осы ұйғарымды ескере отырып, талданатын кезеңде ҚР ҰҚ трансферттерін салалық өнімдер бойынша бөлудің нақты жағдайда орын алған құрылымы мен жұмыста қолданылатын құрылымның арасындағы мүмкін болатын сәйкессіздікке байланысты алынған бағалау үшін белгісіздік пайда болады.

Осы белгісіздікті ескере отырып, ҚР ҰҚ трансферттерінің ЖІӨ-ге нақты үлесі жұмыста алынған бағалармен салыстырғанда не жоғары, не төмен болуы мүмкін.

Жиынында, экономиканың салалары бөлінісінде Ұлттық қордан бюджетке трансферттердің ЖІӨ-ге әсерінің мультипликативтік әсерін есептеу трансферттерді жұмсау бағытын және ШШК негізінде есептелген толық (тікелей және жанама) шығындар коэффициенттерін ескере отырып жүргізілді.

Жалпы шығарылымға алынған тікелей және жанама әсерлер ЖҚҚ (ЖІӨ) әсеріне көшу үшін жалпы шығарылымдағы ЖҚҚ үлесіне көбейтіледі. Әрі қарай, әрбір саланың ЖҚҚ номиналды өсімі ЖІӨ нақты өсуіне қосқан үлесін бағалау үшін ЖҚҚ дефляторларының нақты деңгейін пайдалана отырып, дефляторлау әдісімен өткен жылдың

бағаларына келтіріледі (2020 жылға жүргізілген есептеулер 1-қосымшада келтірілген).

6. Трансферттердің ЖІӨ өсуіне үлесін бағалау

Талданып отырған кезеңде Ұлттық қордан бюджетке шамамен 12,3 трлн теңге көлемінде қаражат бөлінді. Жоғарыда айтылғандай, экономикаға қосымша ресурстардың ағыны, атап айтқанда Ұлттық қордан трансферттер тікелей және жанама экономикалық әсер тудыратын салааралық байланыстар тізбегі арқылы таралды.

Осылайша, бағалау бойынша Ұлттық қордан бөлінген трансферттердің ЖІӨ-нің өсуіне қосқан үлесі қарастырылып отырған кезеңде 4,3-4,9 пайыздық тармақты құрады, оның ішінде тікелей әсердің үлесі - 3,1-3,2 п.т. және жанама әсер - 1,2-1,7 п.т. Барлық талданып отырған кезеңдегі трансферттердің негізгі мультипликативті әсері экономиканың шикізаттық емес сектор салаларына тиесілі, бұл ЖІӨ-ге жалпы әсерінің шамамен 90%.


ҰҚ бюджетке бөлінген трансферттерінің ЖІӨ-ге мультипликативтік әсерін бағалау

	2008	2009	2015	2016	2020
ҰҚ-дан РБ-ге трансферттер, млрд теңге	1 072	1 105	2 456	2 856	4 770
<i>ЖІӨ-ге %</i>	6,7	6,5	6,0	6,1	6,7
кепілдендірілген	465	843	1 702	2 110	4 770
нысаналы	608	262	754	746	0
Шығарылым әсері, жалпы, млрд тг.	1 163,4	1 429,4	2 969,7	3 380,2	5 546,7
Шикізат секторы	112,4	194,4	255,8	294,9	430,6
Шикізатқа жатпайтын сектор	1 051,1	1 235,0	2 713,9	3 085,3	5 116,1
ЖІӨ-ге әсері, млрд тг.	679,6	862,6	1 830,7	2 080,2	3 300,7
Шикізат секторы	69,3	118,9	160,3	174,3	249,1
Шикізатқа жатпайтын сектор	610,3	743,7	1 670,4	1 905,9	3 051,6
ЖІӨ өсіміне үлесі, п.т.	4,6	4,9	4,3	4,6	4,4
<i>тікелей</i>	3,1	3,2	3,2	3,2	3,1
<i>жанама</i>	1,5	1,7	1,2	1,3	1,3
ЖІӨ өсімі, % ж/ж	3,3	1,2	1,2	1,1	-2,5

ЖІӨ өсімі (ҰҚ трансферттерін есепке алмағанда), % ж/ж	-1,3	-3,7	-3,1	-3,5	-6,9
---	------	------	------	------	------

Дереккөзі: СЖРА ҰСБ; авторлардың есептеулері


2008-2009 жылдардағы бірінші талданған дағдарыс кезеңінде ЖІӨ-нің нақты өсуі оң нәтиже көрсетті. Авторлардың бағалауы бойынша, Ұлттық қордан әрбір сәйкесті кезеңге динамикалық әсерсіз, яғни бірінші талданатын жылдың трансферттерін екінші кезеңге ауыстыру әсерінсіз трансферттер болмаған жағдайда (трансферттер бүкіл тарихи кезеңге емес, нақты жыл үшін нөлге келтіріледі) көрсетілген кезеңдерде нақты ЖІӨ-нің төмендеуі мүмкін. Алынған есептеулерге сәйкес, трансферттердің ЖІӨ өсуіне қосқан үлесі әрбір екі жылда 4,6 пайыздық тармақты құрады. Бұл нақты ЖІӨ-нің 2008 жылы Ұлттық қор қаражатынсыз 3,3% деңгейінде өсуі кезінде экономиканың құлдырауы 1,3%-ды құрауы мүмкін дегенді білдіреді. Осыған ұқсас, 2009 жылы экономиканың 1,2% деңгейінде өсуі кезінде 4,9 пайыздық тармақ трансферттерінің жиынтық әсерін ескере отырып, құлдырау 3,7% құрауы мүмкін.



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ; авторлардың есептеулері

2015 және 2016 жылдардағы екінші талданған кезеңде трансферттердің әсері ерекшеленді және сәйкесінше 4,3 және 4,6 пайыздық тармақты құрады. Ұлттық қордан трансферттер болмаған


жағдайда, төмендеу 2015 жылы 3,1%-ды және 2016 жылы 3,5%-ды құрауы мүмкін.



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ; авторлардың есептеулері

Талданып отырған үшінші дағдарыс кезеңінде трансферттердің экономиканың өсуіне қосқан үлесі 4,4 пайыздық тармақты құрады. ЖІӨ-нің нақты құлдырауы 2,5% құрағанын ескере отырып, Ұлттық қордан бюджетке қосымша ағындар болмаған кезде, авторлардың бағалауына сәйкес құлдырау 6,9%-ды құрауы мүмкін⁷.

⁷ Авторлар әсер етуді бағалау үшін 2019 жылғы шығарылым мультипликаторлары қолданылғанын атап өтті, өйткені 2020 жылға арналған ШШК 2021 жылғы желтоқсанда жарияланады. Алайда, авторлар жаңартылған ШШК мультипликаторлардың салыстырмалы тұрақтылығына байланысты алынған нәтижелерді айтарлықтай қайта бағалауға әкелмейді деп санайды.



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ; авторлардың есептеулері

САТ нәтижелері, атап айтқанда ҰҚ-дан бюджетке жұмсалған трансферттердің ЖІӨ-ге салалар бойынша 2020 жылға мультипликативті әсерін және шығарылым мультипликаторлары (тікелей, жанама және жалпы) талданатын әрбір жылға бағалау 1 және 2-қосымшаларда келтірілген.

7. Келешектегі зерттеулерге арналған қорытындылар мен ұсынымдар

Осы талдау шеңберінде ҚР Ұлттық қоры трансферттерінің әсерін есепке алмағанда, дағдарыс кезеңінде ЖІӨ-нің барынша төмендеуін бағалауға талпыныс жасалды. Жұмыста Агенттік жүргізетін болашақ стресс-тестілеу сценарийлерін әзірлеу кезінде ескерілуі мүмкін авторлардың бағалаулары келтірілген.

Алынған нәтижелер COVID-19 пандемиясының таралуынан туындаған дағдарыс талданған кезеңдегі ең маңызды болды деп болжайды (2020 жылы экономика жылдық көрсеткіште 2,5%-ға төмендеді, ал «ковид» жылында (2020 жылдың 2-тоқсанынан 2021 жылдың 1-тоқсанын қоса алғанда) ЖІӨ өткен жылдың сәйкес кезеңімен

салыстырғанда 3,5%⁸-ға қысқарды). Бұл дағдарыстың жақында пайда болуын ескере отырып, авторлар жүйелік тәуекелдерді бақылау мақсатында белгісіз немесе іске асырылмаған жүйелік тәуекелдерді одан әрі зерттеу мен үлгілеудің маңыздылығын атап өтеді.

Қадағалау стресс-тестілеуін жүргізу кезінде стресстік сценарийлерді айқындау процесін одан әрі жетілдіру әлеуеті таңдалған макроэкономикалық өлшемдерін қаржы секторы көрсеткіштерінің сезімталдығын талдаумен, сондай-ақ негізгі макроэкономикалық өлшемдерді үлгілеудің баламалы тәсілдерін қолданумен және олардың келісімділігін қамтамасыз етумен байланысты.

Жалпы трансферттер мен фискалдық саясаттың әсер ету дәрежесі мен ұзақтығын бағалау тұрғысында экономиканы макродеңгейде үлгілеудің эконометрикалық және құрылымдық әдістерін қолдануға болады. Бұл ретте, макроэконометрикалық және құрылымдық үлгілер негізінде алынған бағалар авторлардың САТ үлгісіне (мезодеңгей немесе салалық деңгей) негізделген нәтижелерінен есептеу әдістерінің айырмашылығына байланысты өзгеше болуы мүмкін екенін атап өткен жөн (ҰҚ-дан бөлінген трансферттерді жұмсау бағыттары туралы болжамдар, шығарылым (САТ үлгісінде) және мемлекеттік шығыстар (макроэконометрикалық және құрылымдық үлгілерде) мультипликаторларының мәндері және т.б.).

⁸ 2005 жылдың орташа жылдық бағасында есептегенде

8. Әдебиеттер тізімі

1. Baldini A., Causi M. 2020. Restoring credit market stability conditions in Italy: evidences on Loan and Bad Loan dynamics. *The European Journal of Finance*, Volume 26:7, pp. 746-773.
2. Bucks, Brian, and Jesse Bricker. 2013. "Household Mobility over the Great Recession: Evidence from the U.S. 2007-09 Survey of Consumer Finances Panel." *IDEAS Working Paper Series from RePEc: IDEAS Working Paper Series from RePEc*.
3. Burrows, Oliver, Learmonth, David, McKeown, Jack, and Williams, Richard. 2012. "RAMSI: A Top-down Stress-testing Model Developed at the Bank of England.(Risk Assessment Model of Systemic Institutions)(Report)." *Bank of England Quarterly Bulletin*, 52.3: 204.
4. Dagum, Estella Bee. 2010. Business Cycles and Current Economic Analysis. *Estudios de Economia Aplicada*, Volume 28-3, pp. 577-594.
5. El Barnoussi, Aziz, Bryan Howieson, and Ferdy Van Beest. 2020. "Prudential Application of IFRS 9: (Un)Fair Reporting in COVID-19 Crisis for Banks Worldwide?!" *Australian Accounting Review*, 30.3: 178-192.
6. Pritsker M., 2017. "Choosing Stress Scenarios for Systemic Risk Through Dimension Reduction," Supervisory Research and Analysis Working Papers RPA 17-4, Federal Reserve Bank of Boston.
7. Ronald E. Miller, Peter D. Blair, 2009. "Input–Output Analysis: Foundations and Extensions" Second Edition, Cambridge University Press, ISBN-13 978-0-521-51713-3
8. Ravn M. O., Uhlig H. On adjusting the Hodrick-Prescott filter for the frequency of observations // *Review of economics and statistics*. – 2002. – Vol. 84. – No. 2. – pp. 371-376
9. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Қолжетімділік режимі <https://stat.gov.kz/>
10. Қазақстан Республикасы Қаржы министрігі. Қолжетімділік режимі <http://www.minfin.gov.kz/>
11. АҚШ энергетикалық ақпарат басқармасы (Energy Information Administration). Қолжетімділік режимі <https://www.eia.gov/>

Ұлттық қордан бөлінген трансферттердің ЖІӨ-ге салалар бойынша 2020 жылға мультипликативті әсерін есептеу, млрд. теңге (егер басқа көрсетілмесе)

№	Атауы	Трансферт-тер		Трансферттер импортсыз		Шығары-лымға әсері		Шығарылым-ға жанама әсері		ЖҚҚ-ға әсері		ЖҚҚ-ға жанама әсері		ЖІӨ өсіміне үлес, п.т.				
														Жал	К		Н	
		К	Н ⁹	К	Н	К	Н	К	Н	К	Н	К	Н		Жал	Жан	Жал	Жан
	БАРЛЫҒЫ	2700	2070	2402	1416	3447	2100	1025	666	2107	1194	621	400	4,4	2,8	0,8	1,6	0,5
1	Ауыл, орман және балық шаруашылықтары	245	17	224	13	249	25	25	12	142	14	14	7	0,2	0,2	0,0	0,0	0,0
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	13	0	13	0	94	62	81	62	56	37	48	37	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
3	Өңдеу өнеркәсібі	466	652	198	79	362	245	158	164	186	126	81	84	0,4	0,2	0,1	0,2	0,1
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	55	0	55	0	94	21	39	21	47	10	19	10	0,1	0,1	0,0	0,0	0,0
5	Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	9	0	9	0	15	4	6	4	8	2	3	2	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
6	Құрылыс	10	669	10	668	72	685	61	13	33	311	28	6	0,5	0,0	0,0	0,4	0,0
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу	328	428	328	428	522	578	187	140	362	401	130	97	1,0	0,5	0,2	0,5	0,1
8	Көлік және қоймаға жинау	217	12	215	12	340	102	122	90	210	63	75	55	0,4	0,3	0,1	0,1	0,1
9	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	50	0	50	0	63	3	13	3	37	2	7	2	0,1	0,1	0,0	0,0	0,0
10	Ақпарат және байланыс	61	55	60	48	86	56	26	8	54	35	16	5	0,1	0,1	0,0	0,0	0,0
11	Қаржы және сақтандыру қызметі	58	0	58	0	176	41	117	41	120	28	80	28	0,2	0,2	0,1	0,0	0,0
12	Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	415	0	415	0	447	12	31	12	368	10	26	10	0,5	0,5	0,0	0,0	0,0
13	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	11	232	11	163	95	224	84	60	56	132	50	35	0,3	0,1	0,1	0,2	0,0

⁹ 2020 жылы Ұлттық қордан тек кепілдендірілген трансферттер бөлінді. Алайда, мультипликативті әсерді есептеу кезінде авторлар дағдарысқа қарсы жоспар шеңберінде бөлінген 2 070 млрд. теңге сомасындағы трансферттердің қосымша көлемі нысаналы сипатта болды және ол көлік, әлеуметтік және басқа инфрақұрылымдарды салуға бағытталды деген ұйғарым жасалды. Бұл ретте айта кету керек, өнім түрлері бойынша трансферттердің таралуы бастапқы әсерді көрсетеді.

14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	16	0	16	0	86	36	69	36	50	21	41	21	0,1	0,1	0,1	0,0	0,0
15	Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	215	0	215	0	215	0	0	0	78	0	0	0	0,1	0,1	0,0	0,0	0,0
16	Білім беру	195	0	191	0	191	0	0	0	120	0	0	0	0,1	0,1	0,0	0,0	0,0
17	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	115	0	114	0	115	0	1	0	28	0	0	0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
18	Өнер, ойын-сауық және демалыс	44	5	43	5	45	5	2	0	21	2	1	0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
19	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	171	0	171	0	173	0	2	0	124	0	1	0	0,2	0,2	0,0	0,0	0,0
20	Үй қызметкерін жалдайтын және жеке тұтынуға арналған тауарлар мен қызметтерді өндіретін үй шаруашылығы қызметі	6	0	6	0	6	0	0	0	6	0	0	0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0

*К – кепілдендірілген трансферт, Н – нысаналы трансферт; есептеулер авторлармен ШШК 2019ж. мәліметтері бойынша жүргізілген

Салалар бойынша шығарылым мультипликаторлары (2008 жылғы ШШК мәліметтері бойынша)

№	Салалар	Шығарылым мультипликаторы			Шығарылымдағы ЖҚЖ үлесі, %	Шығарылым құрылымы, %	Шығарылымдағы импорт үлесі, %	Аралық тұтытудағы импорт үлесі, %	Түпкілікті сұраныс құрылымы, %	Жалпы сұраныс құрылымы, %	Түпкілікті сұраныстағы импорт үлесі, %	Жалпы сұраныстағы импорт үлесі, %
		Жалпы	Тікелей	Жанам								
1	Ауыл, орман және балық шаруашылықтары	1,60	1,19	0,41	58,0	4,9	9,0	21,3	4,9	4,5	4,0	6,5
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	1,70	1,21	0,49	51,7	22,1	10,9	22,5	22,1	19,7	0,9	6,4
3	Өңдеу өнеркәсібі	1,92	1,21	0,71	40,8	15,2	12,1	19,5	24,0	24,1	48,8	49,5
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	1,82	1,08	0,74	44,7	2,2	13,2	23,8	1,0	1,9	3,5	2,5
5	Сумен жабдықтау; көріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	1,76	1,08	0,69	49,1	0,6	13,1	25,3	0,2	0,5	9,7	3,5
6	Құрылыс	1,81	1,18	0,63	43,8	8,4	18,5	32,0	9,2	7,9	13,9	13,9
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу	1,54	1,05	0,48	61,3	12,2	6,2	16,5	10,5	10,0	0,0	0,0
8	Көлік және қоймаға жинау	1,66	1,08	0,58	53,0	8,3	12,2	26,7	6,9	7,9	3,5	10,2
9	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	1,69	1,01	0,68	53,6	0,7	8,4	18,2	0,6	0,6	0,0	0,0
10	Ақпарат және байланыс	1,59	1,08	0,50	58,4	2,6	8,4	20,3	1,7	2,3	5,5	7,2
11	Қаржы және сақтандыру қызметі	1,54	1,12	0,43	64,1	3,6	3,3	9,5	0,8	3,3	10,5	6,0
12	Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	1,64	1,10	0,55	59,1	7,0	3,7	9,2	6,8	6,0	0,0	0,0
13	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	1,73	1,12	0,62	52,9	4,7	4,8	10,3	2,6	4,7	16,9	17,5
14	Өкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	1,70	1,04	0,66	55,0	1,6	5,5	12,2	0,4	1,5	0,8	10,9
15	Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	1,85	1,00	0,85	44,0	2,1	9,0	16,5	3,2	1,9	5,1	5,1
16	Білім беру	1,61	1,00	0,61	59,1	1,6	7,2	18,3	2,3	1,4	0,0	0,0
17	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	1,78	1,01	0,78	44,2	1,1	16,5	30,7	1,5	0,9	0,0	0,0

18	Өнер, ойын-сауық және демалыс	1,86	1,03	0,83	44,7	0,4	8,4	15,5	0,5	0,3	3,1	3,1
19	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	1,49	1,00	0,49	66,0	0,6	6,7	20,1	0,8	0,5	0,0	0,0
20	Үй қызметкерін жалдайтын және жеке тұтынуға арналған тауарлар мен қызметтерді өндіретін үй шаруашылығы қызметі	1,00	1,00	0,00	100,0	0,0	0,0	0,0	0,1	0,0	0,0	0,0
ЖИЫНТЫҒЫ					52,0	100,0	9,9	20,5	100,0	100,0	14,5	16,9

3-кесте

Салалар бойынша шығарылым мультипликаторлары (2009 жылғы ШШК мәліметтері бойынша)

№	Салалар	Шығарылым мультипликаторы			Шығарылымдағы ЖҚҚ үлесі, %	Шығарылым құрылымы, %	Шығарылымдағы импорт үлесі, %	Аралық тұтынудағы импорт үлесі, %	Түпкілікті сұраныс құрылымы, %	Жалпы сұраныс құрылымы, %	Түпкілікті сұраныстағы импорт үлесі, %	Жалпы сұраныстағы импорт үлесі, %
		Жалпы	Тікелей	Жанама								
1	Ауыл, орман және балық шаруашылықтары	1,63	1,25	0,38	61,5	6,3	4,4	10,6	5,3	5,4	3,8	4,6
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	1,64	1,22	0,42	60,3	19,3	10,4	22,7	19,3	17,3	3,0	4,7
3	Өңдеу өнеркәсібі	1,87	1,17	0,70	47,1	14,0	10,3	17,6	20,6	23,0	42,4	48,6
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	1,80	1,06	0,74	51,1	2,1	12,1	22,3	1,3	1,9	2,5	1,8
5	Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	1,71	1,05	0,65	58,3	0,5	13,9	27,8	0,3	0,4	1,4	1,0
6	Құрылыс	1,79	1,22	0,57	53,3	9,8	18,5	33,1	11,8	10,2	8,4	8,2
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу	1,49	1,05	0,45	65,9	13,1	3,6	10,3	9,6	9,7	0,0	0,0
8	Көлік және қоймаға жинау	1,60	1,08	0,52	63,4	8,4	11,6	27,4	7,4	7,6	0,8	1,4
9	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	1,67	1,01	0,66	59,4	0,8	8,8	19,8	0,9	0,7	0,0	0,0
10	Ақпарат және байланыс	1,50	1,08	0,42	67,7	2,6	11,0	28,8	2,3	2,5	6,7	9,0
11	Қаржы және сақтандыру қызметі	1,50	1,07	0,42	67,6	3,9	3,5	10,7	0,9	3,4	14,0	7,3
12	Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	1,54	1,03	0,50	66,7	7,4	5,5	15,0	7,3	6,2	0,0	0,0
13	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	1,61	1,11	0,50	61,2	2,7	8,3	18,9	2,2	3,5	40,1	33,5

14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	1,63	1,04	0,59	61,1	1,5	6,9	16,0	0,4	1,6	17,0	20,8
15	Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	1,85	1,00	0,85	46,6	2,6	5,6	10,2	3,7	2,3	4,4	4,4
16	Білім беру	1,58	1,00	0,58	64,5	2,1	6,9	17,8	2,9	1,8	0,0	0,0
17	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	1,78	1,02	0,76	51,3	1,6	12,0	22,5	2,2	1,4	0,0	0,0
18	Өнер, ойын-сауық және демалыс	1,76	1,02	0,74	54,2	0,4	9,9	19,2	0,5	0,3	0,3	0,3
19	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	1,46	1,00	0,46	72,2	0,8	8,2	24,6	1,0	0,7	0,0	0,3
20	Үй қызметкерін жалдайтын және жеке тұтынуға арналған тауарлар мен қызметтерді өндіретін үй шаруашылығы қызметі	1,00	1,00	0,00	100,0	0,0	0,0	0,0	0,1	0,0	0,0	0,0
ЖИЫНТЫҒЫ					59,3	100,0	9,4	20,5	100,0	100,0	12,0	15,3

4-кесте

Салалар бойынша шығарылым мультипликаторлары (2015 жылғы ШШК мәліметтері бойынша)

№	Салалар	Шығарылым мультипликаторы			Шығарылымдағы ЖҚЖ үлесі, %	Шығарылым құрылымы, %	Шығарылымдағы импорт үлесі, %	Аралық тұтынудағы импорт үлесі, %	Түпкілікті сұраныс құрылымы, %	Жалпы сұраныс құрылымы, %	Түпкілікті сұраныстағы импорт үлесі, %	Жалпы сұраныстағы импорт үлесі, %
		Жалпы	Тікелей	Жанама								
1	Ауыл, орман және балық шаруашылықтары	1,59	1,17	0,42	62,6	5,8	6,8	18,1	6,2	5,6	5,7	8,9
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	1,61	1,13	0,48	62,7	15,1	6,0	14,7	13,9	12,5	1,7	2,9
3	Өңдеу өнеркәсібі	1,79	1,16	0,63	50,7	13,7	6,6	12,4	19,7	21,4	51,4	47,2
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	1,82	1,05	0,77	51,1	2,3	9,1	18,3	1,6	2,1	1,4	2,9
5	Сумен жабдықтау; көріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	1,80	1,01	0,79	52,2	0,4	7,1	15,3	0,2	0,3	0,6	3,6
6	Құрылыс	1,87	1,06	0,81	47,7	8,3	7,8	14,6	9,1	7,8	3,3	6,6
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу	1,45	1,04	0,41	72,3	16,2	5,3	19,1	12,1	14,5	0,0	0,0
8	Көлік және қоймаға жинау	1,63	1,06	0,57	61,5	9,3	8,8	22,9	7,2	8,3	0,0	1,2

9	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	1,64	1,00	0,64	61,0	0,9	7,9	19,8	0,9	0,8	0,0	0,0
10	Ақпарат және байланыс	1,53	1,06	0,47	67,8	2,3	6,8	20,8	2,3	2,2	1,6	8,5
11	Қаржы және сақтандыру қызметі	1,41	1,16	0,25	72,5	3,4	0,9	3,6	1,2	3,0	0,0	1,4
12	Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	1,29	1,00	0,28	82,9	7,3	2,9	17,4	9,2	6,5	0,0	0,2
13	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	1,65	1,11	0,54	61,3	3,2	9,7	24,7	2,4	4,0	25,4	30,7
14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	1,63	1,06	0,57	61,9	1,7	9,4	24,4	0,4	1,7	0,0	10,2
15	Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	1,96	1,00	0,96	40,8	2,9	8,1	14,0	4,0	2,6	0,0	0,0
16	Білім беру	1,73	1,00	0,73	57,4	2,5	5,4	12,8	3,3	2,2	0,0	0,0
17	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	2,05	1,01	1,04	36,7	1,8	16,8	27,0	2,4	1,6	0,0	0,0
18	Өнер, ойын-сауық және демалыс	1,84	1,00	0,83	49,3	0,6	9,0	17,1	0,7	0,5	1,9	1,8
19	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	1,43	1,00	0,43	72,4	2,4	2,3	8,2	3,1	2,1	0,0	0,0
20	Үй қызметкерін жалдайтын және жеке тұтынуға арналған тауарлар мен қызметтерді өндіретін үй шаруашылығы қызметі	1,00	1,00	0,00	100	0,1	0,0	0,0	0,1	0,1	0,0	0,0
ЖИЫНТЫҒЫ					61,7	100	6,5	16,6	100	100	11,7	13,3

5-кесте

Салалар бойынша шығарылым мультипликаторлары (2016 жылғы ШШК мәліметтері бойынша)

№	Салалар	Шығарылым мультипликаторы			Шығарылымдағы ЖҚЖ үлесі, %	Шығарылым құрылымы, %	Шығарылымдағы импорт үлесі, %	Аралық тұтынудағы импорт үлесі, %	Түпкілікті сұраныс құрылымы, %	Жалпы сұраныс құрылымы, %	Түпкілікті сұраныстағы импорт үлесі, %	Жалпы сұраныстағы импорт үлесі, %
		Жалпы	Тікелей	Жанама								
1	Ауыл, орман және балық шаруашылықтары	1,45	1,11	0,33	58,5	5,2	9,9	24,2	5,7	5,2	8,0	11,9
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	1,43	1,11	0,32	60,4	16,0	10,3	24,4	14,8	13,6	2,0	4,1
3	Өңдеу өнеркәсібі	1,59	1,08	0,50	51,2	15,4	7,9	14,8	20,7	23,1	47,8	46,9
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	1,55	1,03	0,52	52,4	2,2	10,5	21,4	1,6	1,9	1,1	3,7
5	Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	1,60	1,01	0,59	52,6	0,4	6,7	14,5	0,2	0,3	1,6	5,2

6	Құрылыс	1,62	1,02	0,60	48,1	7,0	10,1	18,8	8,2	6,8	6,1	13,3
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу	1,30	1,03	0,26	71,6	16,5	7,5	26,3	12,8	14,6	0,0	0,0
8	Көлік және қоймаға жинау	1,41	1,05	0,36	61,2	8,9	10,4	26,9	6,9	7,8	0,0	1,5
9	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	1,41	1,00	0,41	60,3	0,9	11,5	28,0	0,9	0,8	0,0	0,0
10	Ақпарат және байланыс	1,36	1,04	0,32	66,0	1,9	9,4	26,7	1,9	1,8	2,7	10,2
11	Қаржы және сақтандыру қызметі	1,38	1,12	0,26	70,6	3,1	1,9	7,0	1,4	2,8	0,0	5,6
12	Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	1,17	1,00	0,17	82,8	7,1	5,1	30,0	9,0	6,3	0,0	0,3
13	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	1,40	1,06	0,34	60,3	3,7	12,3	30,3	2,5	4,5	0,0	29,2
14	Өкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	1,37	1,04	0,32	61,6	1,9	12,7	32,7	0,5	1,8	0,0	11,1
15	Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	1,66	1,00	0,66	41,6	2,8	12,1	21,0	3,8	2,5	0,0	0,0
16	Білім беру	1,44	1,00	0,44	59,7	2,5	10,5	26,3	3,3	2,2	0,0	0,0
17	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	1,69	1,00	0,69	34,0	1,8	17,2	26,5	2,4	1,6	0,0	0,0
18	Өнер, ойын-сауық және демалыс	1,57	1,00	0,57	49,5	0,6	10,1	19,0	0,7	0,5	2,4	2,3
19	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	1,34	1,00	0,34	72,2	2,1	3,8	13,7	2,8	1,9	0,0	0,0
20	Үй қызметкерін жалдайтын және жеке тұтынуға арналған тауарлар мен қызметтерді өндіретін үй шаруашылығы қызметі	1,00	1,00	0,00	100	0,1	0,0	0,0	0,1	0,1	0,0	0,0
ЖИЫНТЫҒЫ					61,0	100	8,9	22,4	100	100	11,3	15,0

6-кесте

Салалар бойынша шығарылым мультипликаторлары (2019 жылғы ШШК мәліметтері бойынша)

№	Салалар	Шығарылым мультипликаторы			Шығарылымдағы ЖҚЖ үлесі, %	Шығарылым құрылымы, %	Шығарылымдағы импорт үлесі, %	Аралық тұтынудағы импорт үлесі, %	Түпкілікті сұраныс құрылымы, %	Жалпы сұраныс құрылымы, %	Түпкілікті сұраныстағы импорт үлесі, %	Жалпы сұраныстағы импорт үлесі, %
		Жалпы	Тікелей	Жанана								
1	Ауыл, орман және балық шаруашылықтары	1,55	1,13	0,42	56,9	5,2	6,1	14,1	5,7	4,9	7,8	7,6

2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	1,48	1,10	0,38	59,5	18,5	8,5	19,4	17,9	15,7	2,3	4,2
3	Өңдеу өнеркәсібі	1,62	1,09	0,53	51,3	15,1	7,6	13,9	22,2	23,7	50,9	49,4
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	1,56	1,02	0,54	50,4	1,8	12,5	24,5	1,1	1,6	0,0	3,9
5	Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	1,65	1,01	0,65	50,3	0,4	6,2	12,6	0,2	0,4	0,0	3,4
6	Құрылыс	1,69	1,07	0,62	45,4	6,3	9,3	16,5	6,4	5,5	0,1	1,1
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу	1,37	1,03	0,33	69,3	15,6	5,7	18,7	12,4	13,9	0,0	0,1
8	Көлік және қоймаға жинау	1,42	1,06	0,36	61,8	8,8	9,5	25,0	6,0	8,0	0,7	2,8
9	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	1,49	1,00	0,48	59,3	1,0	9,0	21,1	0,9	0,8	0,0	0,0
10	Ақпарат және байланыс	1,42	1,07	0,35	62,2	1,9	9,0	22,8	1,7	1,8	5,1	9,7
11	Қаржы және сақтандыру қызметі	1,41	1,07	0,34	68,2	3,3	2,9	9,9	1,2	3,0	0,0	2,0
12	Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	1,24	1,00	0,24	82,3	6,3	1,6	8,8	7,7	5,6	0,0	0,6
13	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	1,47	1,05	0,42	58,8	3,6	9,9	23,4	2,4	4,3	26,1	27,0
14	Өкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	1,44	1,07	0,38	58,7	2,0	11,0	26,4	0,4	1,9	0,0	8,8
15	Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	1,75	1,00	0,75	36,3	2,9	12,5	19,9	4,0	2,6	0,0	0,0
16	Білім беру	1,50	1,00	0,50	62,7	2,5	4,3	11,8	3,6	2,3	2,1	2,1
17	Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	1,88	1,00	0,88	24,7	1,5	16,1	21,5	2,1	1,4	0,3	0,3
18	Өнер, ойын-сауық және демалыс	1,63	1,00	0,63	47,9	0,7	9,7	17,4	0,9	0,6	2,4	2,3
19	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	1,35	1,00	0,35	72,1	2,5	3,8	13,3	3,3	2,1	0,0	0,2
20	Үй қызметкерін жалдайтын және жеке тұтынуға арналған тауарлар мен қызметтерді өндіретін үй шаруашылығы қызметі	1,00	1,00	0,00	100	0,1	0,0	0,0	0,1	0,1	0,0	0,0
ЖИЫНТЫҒЫ					59,6	100	7,5	17,9	100	100	13,0	14,8